

"Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 маусымдағы N 1002 Қаулысы

Ескерту. Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2010.05.26 N 473 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Энергия үнемдеу туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында энергия үнемдеуді ынталандыру мен энергетикалық тиімділікті арттыру үшін экономикалық және ұйымдық жағдай жасау мақсатында энергетика ресурстарын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қайталама энергетика ресурсы - функционалдық қолданылуы энергияның тиісті түрін өндіруге байланысты емес құрылғыларды пайдаланудың жанама өнімі түрінде а л ы н а т ы н э н е р г и я ;

2) Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімі - жылына бір мың бес жүз және одан да көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлар мен құрылғылар, оның ішінде электр желілері, жылу-электр орталықтары, мемлекеттік аудандық электр станциялары, су электр станциялары туралы, магистральдық мұнай және газ құбырлары туралы, сондай-ақ көрсетілген үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылар туралы құжатталған ақпараттың жүйелендірілген жиынтығы;

3) үй-жайдың энергия тиімділігінің коэффициенті - тиісті үй-жайдың нақты энергия сыйымдылығының оның нормативтік энергия сыйымдылығына қатынасы;

4) құрылғының энергия тиімділігінің коэффициенті - құрылғының нақты энергия сыйымдылығының нормативтік энергия сыйымдылығына қатынасы;

5) үй-жайдың нормативтік энергия сыйымдылығы - тиісті көлемдегі және

функционалдық мақсаттағы үй-жайда, осындай үй-жайда энергия үнемдейтін технологияларды пайдаланған жағдайда мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтерді, өрт қауіпсіздігі талаптарын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндетті талаптарды сақтау үшін қажетті шаршы метрге арналған жылу және (немесе) электр энергиясының орташа мөлшері;

6) құрылғының нормативтік энергия сыйымдылығы - құрылғының функционалдық мақсатын энергия тұтынудың белгіленген нормативтеріне сәйкес іске асыруға қажетті жылу және (немесе) электр энергиясының мөлшері;

7) отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігінің көрсеткіші - осы өнімді өндіруге, жұмыстарды жүргізу және қызметтерді көрсету үшін отын мен энергияның үлестік шығынының нормативтер мен стандарттарда регламенттелетін шамасы;

8) үй-жайды пайдаланушы - меншік құқығы немесе өзге заңды негізде үй-жайды пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

9) үй-жай - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектілері болып танылатын ғимарат, құрылыс, құрылғы, сондай-ақ олардың б ө л і к т е р і ;

10) өнім - технологиялық процестің немесе қызметтің нәтижесі, оның ішінде энергия өндіретін немесе энергия тұтынатын жабдық;

11) отын-энергетика ресурстарын өндірушілер - меншік нысандарына қарамастан, олар үшін отын-энергетика ресурстарының кез келген түрі тауарлық бірлік болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғалар;

12) кәсіби ұйым - энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және (немесе) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге сараптама жүргізуге л и ц е н з и я с ы б а р заңды тұлға;

13) технологиялық процесс - өнім өндіруге, энергия тұтынуға, энергияның бір түрін басқасына түрлендіруге байланысты процесс;

14) отын-энергетика ресурстары - отын мен энергияның барлық табиғи және қайта жасалған түрлерінің жиынтығы;

15) шартты отын - техникалық-экономикалық есептеулер кезінде қабылданған және органикалық отынның алуан түрлерінің жылу құндылығын салыстыру үшін қызмет ететін нормативтер мен стандарттарда регламенттелетін бірлік;

16) энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган - энергия үнемдеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

17) құрылғы - функционалдық мақсаты энергияны және (немесе) қайталама энергетика ресурсын пайдалануды көздейтін, оның ішінде энергетика ресурстарын энергияға түрлендіруді, энергия беруді, энергияны пайдалана отырып, тауарларды өндіру мен қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын зат немесе бірыңғай технологиялық процеспен біріккен заттардың жиынтығы;

18) үй-жайдың нақты энергия сыйымдылығы - тексерілетін үй-жайда оның көлемі

мен функционалдык мақсатын ескере отырып, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтерді, өрт қауіпсіздігі талаптарын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндетті талаптарды сақтау үшін қажетті шаршы метрге арналған жылу және (немесе) электр энергиясының орташа мөлшері;

19) құрылғының нақты энергия сыйымдылығы - құрылғылардың функционалдык мақсатын іске асыру кезінде нақты жұмсалатын жылу және (немесе) электр энергиясының мөлшері;

20) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасы - мына жобалар бойынша энергия үнемдеу саласында жүргізілетін сараптама: отын-энергетика ресурстарын жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын көлемінде тұтынатын қайта құрылатын, жаңғыртылатын және қайтадан салынатын объектілердің жобаларына техникалық-экономикалық негіздемелердің энергия-технологиялық бөліктері, өндіруші күштерді дамыту және орналастыру схемалары, экономика салаларын дамыту, отын-энергетика ресурстарын пайдалануды бағалау және энергиямен қамтамасыз етуде тұтынушылардың шығындарын азайту мақсатында энергиямен қамтамасыз етудің аумақтық схемалары;

21) энергетикалық қауіпсіздік - шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың отын-энергетика ресурстарына қажеттіліктері қанағаттандырылатын сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тиісті ресурстармен, әлеуетпен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жағдайы;

22) құрылғының энергетикалық декларациясы - құрылғының энергетикалық сыйымдылығы, оның құрылғыны шығарушы белгілеген нақты энергия сыйымдылығына сәйкестігін қамтамасыз ететін құрылғыны пайдалану шарттары туралы мәліметтерді, құрылғыны шығарушы туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

23) үй-жайдың энергетикалық паспорты - энергетикалық тексеру жүргізудің қорытындылары бойынша жасалған, ұйымдастыру туралы, өнімнің негізгі түрлерін өндіру көлемі туралы, энергия және энергетика ресурстарын ендіру және (немесе) тұтыну туралы, отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың тиімділігі туралы, энергия үнемдейтін іс-шаралар туралы ақпаратты қамтитын құжат;

24) энергия үнемдеу саясаты - энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі саласындағы құқықтық, әкімшілік, ұйымдық және қаржы-экономикалық реттеуді қамтитын, шаруашылық және өзге де қызметтің барлық салаларындағы мемлекеттік энергетикалық саясаттың бағыты;

25) энергия үнемдеуші өнім - қол жеткен деңгеймен салыстырғанда қолданылуы адамның өмірі мен денсаулығына зиянсыз функционалдык мақсаттағы құрылғыларды, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігінің және функционалдык мақсаттағы үй-жайлардың талаптарын іске асыру үшін жұмсалатын энергия мөлшерін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар, жабдықтар және материалдар;

26) энергия үнемдеуші технологиялар - қол жеткен деңгеймен салыстырғанда отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін технологиялар, жабдықтар және материалдар;

27) энергия үнемдеу - отын-энергетика ресурстарын тиімді пайдалануға және жаңартылатын энергия көздерін айналымға тартуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми, өндірістік, техникалық және экологиялық шараларды іске асыру;

28) энергия тиімділігі - үй-жайлар мен құрылғыларда энергия пайдаланудың жинақталған сипаттамасы;

29) отын-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану - отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың техникалық жағынан мүмкін болатын және экономикалық жағынан ақталған тиімділігіне қол жеткізу.

2-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартпен осы Заңда қамтылғандардан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылатын саласы

1. Осы Заң энергия үнемдеу саласындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметі процесінде туындайтын қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған.

2. Мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар (отын-энергетика ресурстарын пайдаланушылар мен өндірушілер) энергия үнемдеу саласындағы арақатынастар субъектілері болып табылады:

1) отын-энергетика ресурстарын және оларды пайдалану қалдықтарын өндіру, өңдеу, тасымалдау, сақтау, шығару, пайдалану;

2) энергия қуатын беретін және энергия тұтынатын жабдықтарды, машиналарды, тетіктерді, материалдарды, сондай-ақ отын-энергетика ресурстарының шығысын есептеу, бақылау және реттеу аспаптарын шығару мен жеткізу;

3) отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және үнемдеуге байланысты ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, тәжірибелік-технологиялық, сараптамалық, мамандандыру, монтаждау, реттеу, жөндеу және басқа да жұмыс (қызмет көрсету) түрлерін жүргізу;

4) қайталама энергетика ресурстарын пайдалануға байланысты іс-шараларды іске асыру;

5) заңды және жеке тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету, энергия үнемдеу саласы үшін кадрлар даярлау;

6) энергия үнемдеуді басқарудың және отын-энергетика ресурстарының тиімді пайдаланылуын бақылау құралдарының тиімді жүйелерін әзірлеу мен енгізу.

2. Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу

4-бап. Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары

Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- 1) ұлттық экономиканы қарқынды дамыту үшін қажет энергияны өндіру мен тұтынудың арақатынасын белгілеу, жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын т ө м е н д е т у ;
- 2) энергия өндіру мен тұтыну режимдерін оңтайландыру, оның есебін ұйымдастыру ;
- 3) энергия үнемдеуді ынталандыру;
- 4) отын-энергетика ресурстарын өндіру мен тұтынуға статистикалық қадағалау ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 5) отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

5-бап. Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу принциптері

Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай:

- 1) энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырудың оларды өндіру мен шығару көлемінің өсімінен басымдығы;
- 3) отын-энергетика ресурстарын өндіру, шығару, өңдеу, беру және пайдалану кезінде адамның денсаулығы мен өмірі, қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігінің б а с ы м д ы ғ ы ;
- 4) Қазақстан Республикасының, отын-энергетика ресурстарын өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін сақтау негізінде заңды және жеке тұлғалардың энергия үнемдеудегі мүдделілігінің экономикалық және құқықтық жағдайларын қамтамасыз ету принциптеріне негізделген.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің энергия үнемдеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік энергия үнемдеу саясатының негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;
- 2) мемлекетаралық, мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде отын-энергетика ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге а с ы р а д ы ;

3) отын-энергетика ресурстарын өндіру және тұтыну кезінде стандарттау, сертификаттау және өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

4) энергия үнемдеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды энергетикалық тексеру жөніндегі қызметке, сондай-ақ энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді сараптау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

6) энергия тұтынудың өнім бірлігіне арналған нормативтерін және тұтынылатын активті және реактивті қуаттардың арақатынасы жөніндегі нормативтерді, қайталама энергетика ресурстарын пайдалану нормативтерін бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергия үнемдеу тізілімін жүргізу тәртібін бекітеді;

8) өнімді энергия үнемдейтін өнім санатына жатқызу тәртібін бекітеді;

9) энергия үнемдеу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігін әзірлейді және іске асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

7-бап. Энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган:

1) энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) осы Заңда белгіленген құзыреті шегінде энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде энергия үнемдеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) отын-энергетика ресурстарын өндіру, беру, бөлу және тұтыну кезінде энергия үнемдеу саласындағы қарым-қатынастар субъектілерінің қауіпсіз және үнемді жұмыс істеуін ұйымдастырады;

5) энергетика объектілерін техникалық пайдаланудың жай-күйі бойынша есеп-қисап жүйесін ұйымдастырады, отын-энергетика ресурстарын тұтынуға және тиімді пайдалануға ведомстволық статистикалық бақылауды жүргізеді. Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

6) осы Заңға сәйкес қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асырады;

7) үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды энергетикалық тексеру, сондай-ақ энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді сараптау жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

8) өз құзыреті шегінде заңға тәуелді актілердің мониторингін жүзеге асырады;

9) осы саладағы стандарттау және сертификаттау мәселелерін келіседі;

10) энергия үнемдеу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары

тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық әзірлемелерді жүргізуді үйлестіреді;

11) энергия үнемдеу саласындағы ақпараттық қызметті қамтамасыз етеді және жүзеге асырады;

12) энергия үнемдеу саласындағы кадрларды даярлау мен қайта даярлау қызметін үйлестіреді;

13) үй-жайдың энергетикалық паспортының және құрылғының энергетикалық декларациясының нысандарын бекітеді;

14) құрылғыларды пайдаланушылар ұсынатын энергия сыйымдылығы, үй-жайлар мен құрылғылардың энергия тиімділігі коэффициенті туралы мәліметтердің, сондай-ақ кәсіби ұйымдар ұсынатын мәліметтердің дұрыстығына тексерулер жүргізеді;

15) кәсіби ұйымдардың тізілімін жүргізеді, сондай-ақ кәсіби ұйымдардың тізілімін жүргізу тәртібін белгілейді;

16) әкімшілік іс жүргізуді қозғайды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен әкімшілік жаза қолданады;

17) құрылғылар мен үй-жайлардың нормативтік және нақты энергия сыйымдылығын, энергия тиімділігінің коэффициентін анықтау тәртібін бекітеді;

18) энергия үнемдеу саласында стандарттар әзірлеуді ұйымдастырады;

19) отын-энергия тұтынатын және энергия үнемдейтін өнімдерді таңбалау тәртібін анықтайды;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

8-бап. Энергия үнемдеу саласындағы өзге мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган:

1) республикалық маңызы бар объектілердің үй-жайларын салу және пайдалануға беру кезінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың орындалуына сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады;

2) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу туралы шарттарды үй-жайларды салу мақсатында әзірленетін және бекітілетін қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау құжаттамасына енгізуді қамтамасыз етеді;

3) осындай жұмыстарды жоспарлау және жүргізу кезінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу талаптары сақталған жағдайда үй-жайларға құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

4) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасы болмаған жағдайда жобаларды бекітуден бас тартады;

5) сәулет-құрылыс бақылауын жүргізу кезінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда мұндай бұзушылыққа

жол берген тұлғаның атына жол берілген жолсыздықты жою туралы нұсқама жібереді.

Жол берілген жолсыздықты нұсқамада белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда әкімшілік іс жүргізуді қозғайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

2. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган:

1) өлшеу құралдарына, әдістеріне және нәтижелеріне қойылатын жалпы әдістемелік талаптарды, оның ішінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі әдіснамалық талаптарды айқындайды;

2) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың, оның ішінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді;

3) осы Заңның 15-бабына сәйкес жүзеге асырылатын отын-энергия тұтынатын және энергия үнемдейтін өнімдердің таңбалануын бақылауды жүзеге асырады;

4) метрологиялық бақылауды, оның ішінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу мәселелері бойынша бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді;

5) метрологиялық бақылау жүргізу кезінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі талаптарды бұзушылық анықталған жағдайда мұндай жолсыздыққа жол берген тұлғаның мекенжайына жіберілген жолсыздықты жою туралы нұсқама жібереді.

Жол берілген жолсыздықты нұсқамада белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда әкімшілік іс жүргізуді қозғайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

3. Табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган:

1) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тарифтерді (бағалар, алым ставкаларын бекіту кезінде энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларға арналған шығындарды есепке алады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

4. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган:

1) отын-энергетика ресурстарын өндіру мен тұтынудың көлемі және номенклатурасы, оларды пайдаланудың тиімділік көрсеткіштері бойынша мемлекеттік статистиканы қалыптастырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

5. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) жергілікті маңызы бар объектілердің үй-жайларын салу және пайдалануға беру кезінде энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың орындалуына сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде энергия үнемдеудің өңірлік кешенді жоспарларын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз етеді, энергия үнемдеу саласындағы ақпараттық қызметті жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге функцияларды орындайды.

6. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары :

1) тұрғын үй қорының объектілеріне жататын, тиісті аумақта орналасқан үй-жайлардың, сондай-ақ әлеуметтік, мәдени және өзге де коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын үй-жайлардың энергия тиімділігін және энергия үнемдеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде энергия үнемдеудің өңірлік кешенді жоспарларын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз етеді, энергия үнемдеу саласындағы ақпараттық қызметті жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

3. Энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар

9-бап. Отын-энергетика ресурстарын тұтынуды және оларды пайдалану тиімділігін статистикалық бақылау

1. Отын-энергетика ресурстарын өндіру мен тұтынудың көлемі мен номенклатурасы, оларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері бойынша статистиканы қалыптастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын статистикалық ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

10-бап. Отын-энергетика ресурстарын мемлекеттік есепке алу

1. Заңды тұлғалар өндіретін, өндеген, тасымалдайтын, тұтынатын және сақтайтын, есепке алынуға жататын отын-энергетика ресурстарының мөлшері өлшеу құралдарын міндетті түрде қолдана отырып бақылануға тиіс.

2. Отын-энергетика ресурстарын есепке алу мақсаттары үшін пайдаланылатын өлшем құралдары сынақтардың немесе метрологиялық аттестаттаудың нәтижелері

бойынша өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің құралдар тізіліміне енгізіледі және оларға Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік салыстырып тексеру жүргізіледі.

3. Отын-энергетика ресурстарының шығысын есепке алу дұрыстығына жауапкершілік өлшем құралдарының иелеріне жүктеледі.

4. Отын-энергетика ресурстарын есепке алу үшін пайдаланылатын өлшем құралдарының жарамды жағдайы мен пайдалану талаптарының сақталуына жауапкершілік өлшем құралдарының иелеріне жүктеледі.

5. Отын-энергетика ресурстарын тұтынатын объектілер құрылысының жобаларында энергия үнемдеуші өнімді міндетті пайдалану, электр энергиясын, ыстық және салқын суды, газды және жылу энергиясын есепке алу аспаптарын және реттеу жүйелерін о р н а т у к ө з д е л е д і .

Тұрғын үйлердің жобаларында энергия үнемдеуші өнімді міндетті пайдалану, ыстық және салқын суды, газды, электр және жылу энергиясын үйге ортақ және пәтерлер бойынша есепке алу аспаптарын, сондай-ақ жылыту жүйелерінде тиісті реттеуіш аспаптарды орнату көзделеді.

Отын-энергетика ресурстарының шығысын есепке алу мен реттеудің көрсетілген аспаптары болмайынша жаңа объектілерді пайдалануға беруге жол берілмейді.

11-бап. Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімі

1. Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімінде:

1) жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлар және құрылғылар, оның ішінде жылу-электр орталықтары, мемлекеттік аудандық электр станциялары, су электр станциялары, электр желілері, магистральдық мұнай және газ құбырлары туралы;

2) жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылар туралы;

3) үй-жайлардың энергетикалық паспорттары және құрылғылардың энергетикалық декларациялары туралы;

4) Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімінде есепке алынуға жататын үй-жайлар мен құрылғылар иелерінің өз бетінше, сондай-ақ энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның нұсқамасында көрсетілген жолсыздықтарды жою үшін қабылдаған шаралары туралы құжатталған ақпарат қамтылады.

2. Мемлекеттік тізілімді қалыптастыру үшін ақпарат жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан көп тоннасын тұтынатын үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылар энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға мына тәртіппен б е р і л е д і :

1) үй-жайлар мен құрылғылардың энергия сыйымдылығы туралы мәліметтер жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей беріледі;

2) пайдаланудағы үй-жайлардың энергия тиімділігі коэффициенті туралы

мәліметтер үй-жай пайдалануға берілген күннен бастап үш айдан кешіктірмей беріледі.

Пайдаланудағы үй-жайлардың энергия тиімділігі көрсеткіштерінің өзгергені туралы мәліметтерді үй-жайларды пайдаланушы энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей б е р е д і ;

3) пайдаланудағы құрылғылардың энергия тиімділігі коэффициенті туралы мәліметтерді құрылғыларды пайдаланушы құрылғы пайдалануға берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей береді.

Пайдаланудағы құрылғылардың энергия тиімділігі көрсеткіштерінің өзгергені туралы мәліметтер жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан к е ш і к т і р м е й б е р і л е д і ;

4) үй-жайға немесе құрылғыға жүргізілген тексеру нәтижесінде үй-жайдың энергетикалық паспортына және құрылғының энергетикалық декларациясына енгізілетін өзгерістер үй-жайды және (немесе) құрылғыны энергетикалық тексеру аяқталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылады;

5) пайдаланылған отын-энергетика ресурстарының мөлшері туралы мәліметтер жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей беріледі.

Пайдаланылған отын-энергетика ресурстарының мөлшерін үй-жайларды немесе құрылғыларды пайдаланушы есептік немесе тура тәсілмен айқындайды.

Есепке алудың тура тәсілі тұтынуды есепке алу аспаптарының деректеріне негізделеді және табиғи газды, электр және жылу энергиясын тұтынуды есепке алу ү ш і н қ о л д а н ы л а д ы .

Есепке алудың есептік тәсілі құрылғының нақты жұмыс істеген уақыты туралы мәліметтерге немесе тексерілетін үй-жайда санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтерді, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау үшін қажет энергияны үй-жайда пайдаланудың есептік көрсеткіштеріне негізделеді.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжатталған ақпаратты энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган мүдделі тұлғаның өтініші бойынша өтініш түскен сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде береді.

4. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжатталған ақпарат мүдделі тұлғаларға энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның шешімі б о й ы н ш а б е р і л е д і .

5. Осы баптың 1-тармағында көзделген құжатталған ақпаратты үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылар энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға м і н д е т т і тү р д е б е р е д і .

6. Энергия үнемдеудің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

12-бап. Энергия үнемдеу саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау

1. Мемлекеттік қадағалау және бақылау мыналарды:

1) құрылғыларды пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын;

2) үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылардың энергия тиімділігі коэффициентін айқындау міндетті болып табылатын, олар пайдаланатын үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың энергия тиімділігі коэффициенттері туралы мәліметтерді беруін;

3) тұрғын-үй қорының объектілерінен, сондай-ақ әлеуметтік, мәдени және өзге де коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын үй-жайлардан басқа, үй-жайларды пайдалану процесінде энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу жөніндегі талаптардың орындалуын;

4) табиғи монополиялар субъектілері энергиясы отынының, шикізатының, материалдарының және нормативтік техникалық шығынының үлестік шығыстарын қоспағанда, өнімнің бірлігіне энергия тұтыну нормативтерінің және қайталама энергетика ресурстарын пайдалану нормативтерінің сақталуын;

5) тұтынылатын активті және реактивті қуаттың арақатынасы бойынша нормативтердің сақталуын;

6) электр және жылу энергиясын өндіру кезінде пайдаланылатын құрылғыларды жөндеу мен жаңғырту жөніндегі міндеттердің тиісінше және уактылы орындалуын;

7) үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға міндетті энергетикалық тексеру жүргізу туралы талаптардың сақталуын;

8) осы Заңның 24-бабында көзделген үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды энергетикалық тексеру сапасын жүзеге асырады.

2. Энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган:

1) нақты және нормативтік энергия сыйымдылығы, сондай-ақ көрсетілген үй-жайлар мен құрылғыларды пайдаланушылар ұсынатын жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлар мен құрылғылардың энергия тиімділігінің коэффициенті туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында;

2) тексерілетін үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың заңды тұлғалары немесе сарапталуға тиіс жобалардың тапсырыс берушілері энергетикалық тексеру және (немесе) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасының нәтижелеріне шағымданып өтініш жасаған жағдайда кәсіптік ұйымдар ұсынған энергетикалық тексеру немесе энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасы нәтижелерінің дұрыстығын тексеру мақсатында осы Заңның 13-бабына сәйкес тексерулер жүргізеді.

3. Егер энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның тексеруінің нәтижелері бойынша энергетикалық тексерудің немесе энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасының нәтижелері расталмаса, кәсіптік ұйымның қорытындысы кері

қ а й т а р ы л ы п

а л ы н у ғ а

т и і с .

4. Егер пайдаланушы мәлімдеген үй-жайлар және (немесе) құрылғылар, олардың энергия сыйымдылығының, сондай-ақ энергия тиімділігінің көрсеткіштері шындыққа сәйкес келмесе, энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган одан әрі пайдалану үшін энергия сыйымдылығын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілер және нормативтік техникалық құжаттар негізінде үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың энергия тиімділігінің коэффициентін өз бетінше белгілейді.

Егер энергия тиімділігінің коэффициенті бірліктен асып түссе, энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган энергия тиімділігінің коэффициентін төмендету үшін энергия үнемдейтін іс-шараларды орындау қажеттігі туралы нұсқама шығарады.

13-бап. Энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның тексерулерді жүргізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды тексерулерді орындау арқылы энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Жоспарлы тексеру энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен тексеру жоспарына сәйкес күнтізбелік жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексерулер Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілері тікелей ашылған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерді тез арада жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүргізіледі.

3. Тексерулер энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган берген, энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органда тексеру актілерін арнайы тіркеу журналында тіркелген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика және арнайы есептеу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органда тексеруді белгілеу туралы актінің негізінде ж ү р г і з і л е д і .

Тексеру жоспары тексеру жүргізудің негізгі міндеттері мен мақсатын, тексеру барысында, белгілеуге жататын мәселелер тізбесі мен жағдаяттар ауқымын, тексеру жү р г і з у м е р з і м і н қ а м т и д ы .

4. Тексеретін лауазымды адамның қызмет куәлігін міндетті түрде көрсетіп, тексеруді белгілеу туралы актіні тексерілетін заңды немесе жеке тұлғаға табыстау сәті тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

Тексеруді тек тексеруді белгілеу туралы актіде көрсетілген лауазымды тұлға ғана ж ү р г і з е д і .

5. Тексеру жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс, арнайы

зерттеулерді, сынақтарды, сараптамаларды жүргізу қажеттілігі кезінде айрықша жағдайларда, сондай-ақ энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган басшысы тексерудің елеулі көлеміне байланысты тексеру жүргізу мерзімін ұзартады, бірақ ол күнтізбелік отыз күннен аспайды.

Тексеру мерзімі ұзартылған жағдайда энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган міндетті түрде тексеруді белгілеу туралы бұрынғы актінің нөмірі мен тіркеу күні, ұзарту негіздері көрсетілетін құқықтық статистика жөніндегі органда тіркей отырып, тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні ресімдейді.

6. Тексеру аяқталған соң энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның оны жүзеге асырған лауазымды адамы екі данада тексеру нәтижелері туралы актіні жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіні тексерілетін заңды немесе жеке тұлғаға тапсыру күні - тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі. Тексеру нәтижелері туралы акті тексеруді белгілеу туралы актіде көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей табыс етіледі.

14-бап. Стандарттау

1. Энергия үнемдеу саласындағы стандарттау:

- 1) энергия тиімділігі көрсеткіштерін стандарттарға, сондай-ақ энергия өндіретін және энергия тұтынатын өнімдердің нормативтік құжаттарына енгізу;
- 2) энергия тұтыну мен энергия үнемдеудің әдіснамалық, ұйымдық және техникалық негіздерін анықтайтын стандарттар мен техникалық шарттарды қолданысқа енгізу;
- 3) электр мен жылу энергиясы және табиғи газ сапасының параметрлерін стандарттарға енгізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Энергия тұтынушы өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленетін талаптар энергия үнемдеу саласындағы ғылым мен техниканың қазіргі жетістіктеріне негізделуге, Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу саласындағы заңнамасының талаптарын ескеруге тиіс.

3. Отын-энергетика ресурстарын өндіру, шығару, өңдеу, тасымалдау, сақтау және тұтыну кезінде энергия тұтынатын өнімге арналған стандарттарға оның энергия тиімділігінің көрсеткіштері, технологиялық процестердің энергия тұтыну, жылуға, құрылыс конструкциялары мен жылу оқшаулағыш материалдарға, салқындатуға, желдетуге, жылумен, сумен, газбен және электрмен жабдықтауға, аумақтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жарықтандыруға, көліктік шығыстарға арналған энергия шығысының көрсеткіштері енгізіледі.

15-бап. Сертификаттау және таңбалау

1. Энергия шығаратын және энергия тұтынатын өнімдерді және отын-энергетика ресурстарын сертификаттау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Таңбалау энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен

жүзеге асырылады және өнімнің (құрылғылар мен материалдардың) энергия тиімділігі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

16-бап. Метрология

1. Энергияны өндіру және тұтыну кезінде (отын-энергетика ресурстарын өндіру, шығару, өңдеу, сақтау және тұтыну кезінде), сондай-ақ оны сертификаттау кезінде Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік метрологиялық бақылау жүзеге асырылады.

2. Энергияны өндіру және тұтыну кезінде мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері:

1) өлшем құралдары;

2) электр энергиясын есептеу сапасының автоматтандырылған жүйелері;

3) заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері;

4) энергияны және энергия тасымалдағыштарды есептеу кешендері мен тораптары;

5) өлшемдерді орындау әдістемесі;

6) метрология нормалары мен ережелерінде көзделген өзге де объектілер болып табылады.

3. Отын-энергетика ресурстарын өндірушілер мен тұтынушылар энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде өлшем бірлігін қамтамасыз етеді.

17-бап. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу саласындағы нормалау

1. Өнім бірлігіне энергия тұтынудың нормативтерін және бір мың кВА-ден асатын жүктемемен электр энергиясын тұтынушылар үшін тұтынылатын активті және реактивті қуаттардың арақатынасы бойынша нормативтерді, қайталама энергетика ресурстарын пайдалану нормативтерін табиғи монополиялар субъектілері энергиясының отынның, шикізаттың, материалдар шығыстарының нормаларын және нормативтік техникалық шығындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Өнімнің бірлігіне энергия тұтынудың нормативтері әрбір үш жыл сайын қайта қаралуға тиіс. Қайталама энергетика ресурстарын пайдалану нормативтері әрбір бес жыл сайын қайта қаралуға тиіс.

2. Өнімнің бірлігіне энергия тұтынудың нормативтері міндетті түрде энергетикалық паспортқа, отын-энергетика ресурстарын тұтынатын жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі технологиялық нұсқаулықтарға және техникалық шарттарға енгізіледі.

18-бап. Үй-жайлар мен құрылғылардың нормативтік энергия сыйымдылығы

1. Үй-жайлардың және құрылғылардың нормативтік энергия сыйымдылығының көрсеткіштерін энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Үй-жайлардың және құрылғылардың, оның әрекетіне түсетін үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың аясын кеңейтуге әкелетін нормативтік энергия сыйымдылығы

көрсеткіштеріне енгізілетін өзгерістер осындай өзгерістер ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін кемінде бір жылдан кейін күшіне енеді.

19-бап. Үй-жайлар мен құрылғылардың нақты энергия сыйымдылығы

1. Жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлардың нақты энергия сыйымдылығын энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен үй-жайлардың энергия тиімділігі коэффициентін есептеу кезінде үй-жайды пайдаланушы айқындайды.

2. Шығарылған сәтінен бері үш жылдан аспайтын уақыт өткен құрылғының нақты энергия сыйымдылығы құрылғының өндіруші көрсеткен энергия сыйымдылығына тең болады.

Шығарылған сәтінен бері үш жылдан астам болған құрылғының нақты энергия сыйымдылығын энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылғының энергия тиімділігін есептеу кезінде құрылғыны пайдаланушы айқындайды.

20-бап. Үй-жайлардың және құрылғылардың энергия тиімділігінің коэффициенті

1. Құрылғының энергия тиімділігінің коэффициенті функционалдық мақсаты осындай құрылғының қуаты жиырма мың ваттан асқан жағдайда оған қатысты технологиялық процестердің нормативтік энергия сыйымдылығының көрсеткіштері белгіленген технологиялық процесті іске асыру болып табылатын құрылғыға қатысты міндетті анықталуға жатады.

Құрылғының энергия тиімділігінің коэффициенті құрылғының энергетикалық декларациясы негізінде немесе энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептеу тәсілімен анықталады.

Қазақстан Республикасының аумағында құрылғыны айналымға жіберуге рұқсат беру кезінде энергия тиімділігінің коэффициентін құрылғыны өндіруші не Қазақстан Республикасының аумағына құрылғыны әкелуді жүзеге асыратын тұлға айқындайды.

Пайдаланымдағы құрылғының энергия тиімділігі коэффициентін құрылғыларды пайдаланушы өз бетінше есептейді.

2. Бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын тұтынатын үй-жайлардың энергия тиімділігінің коэффициенті Қазақстан Республикасының аумағында іске қосылған үй-жайларға қатысты міндетті түрде анықталуы тиіс.

Үй-жайлардың энергия тиімділігінің коэффициентін үй-жайды пайдаланушы өз бетінше есептейді.

3. Нақты энергия сыйымдылығының елу пайыздан астамы қайталама және жаңартылатын энергетика ресурстары есебінен қамтамасыз етілетін үй-жайлар мен құрылғыларға қатысты энергия тиімділігінің коэффициенті анықталмайды.

21-бап. Үй-жайлар мен құрылғылардың айналымы бойынша шектеулер

1. Энергия сыйымдылығы анықталмаған құрылғылар Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберілетін әрбір құрылғының энергия сыйымдылығы құрылғының энергетикалық декларациясында көрсетіледі.

Құрылғының энергетикалық декларациясын толтыру жөніндегі міндет айналымға жіберілетін құрылғыларды шығарушыға (импорттаушыға) жүктеледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағында энергия тиімділігінің коэффициентін анықтау міндетті болып табылатын құрылғылар онсыз айналымға жіберілмейді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қуаты жиырма мың ваттан астам құрылғылар және осы Заңның 15-бабына сәйкес орындалған таңбалаусыз энергия үнемдейтін өнім айналымға жіберілмейді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында энергия тиімділігінің коэффициентін анықтау міндетті болып табылатын үй-жайларды онсыз пайдалануға беруге тыйым салынады.

22-бап. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасы

1. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасы отын-энергетика ресурстарын пайдалануға және тұтынушылардың отынмен және энергиямен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарын азайту, энергия үнемдейтін өнімдерді енгізуді бағалау мақсатында жүргізіледі.

2. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасының негізгі міндеттері: басқарушылық, инвестициялық және өзге де қызметтің энергия тиімділігі және энергия үнемдеу мақсатына сәйкестігін анықтау;

құрылысқа, машиналар мен жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың жобалау алдындағы және жобалау құжаттамаларының Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу, стандарттар және нормативтер туралы заңнамасы талаптарына сәйкестігін белгілеу болып табылады.

3. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасына мыналар жатады: өндірістік күштерді дамыту және орналастыру схемаларының жобалары, экономика салаларын дамыту, энергиямен қамтамасыз етудің аумақтық схемаларының жобалары, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге байланысты техникалық құжаттама;

жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы, оның ішінде жаңа құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобаларының энергия технологиялық бөлігі немесе жылына бір мың бес жүз және одан да көп тонна шартты отын көлемінде отын-энергетика ресурстарын тұтынатын жұмыс істеп тұрған объектілер мен кәсіпорындарды кеңейту (реконструкциялау, техникамен қайта жабдықтау, жаңғырту, к ү р д е л і ж ө н д е у) .

4. Жобаны бекітуге не қабылдамауға ұсынылатын жобалық шешімдер мен техникалық-экономикалық көрсеткіштер бағасының дұрыстығына энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын кәсіби ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын кәсіби ұйымдардың сараптамалық қызметі жоба алдындағы және жобалау құжаттамасының сапасы жобаға тапсырыс берушіден кейінгі энергия үнемдейтін құрылыс өнімі үшін объектілерді салу мен кеңейту жобаларын бекітетін инстанциялардан, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдардан, объектілерді салуға және кеңейтуге қолданылатын энергия үнемдейтін өнімді өндірушілерден жауапкершілікті алып тастамайды.

23-бап. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүргізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүргізуге лицензия алған заңды тұлғалардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасын жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға құқығы бар.

2. Жобаны (оның жекелеген бөліктерін немесе бөлімдерін) әзірлеушілер болып табылатын жеке және заңды тұлғалар кәсіби ұйымның сарапшылары ретінде энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүргізе алмайды.

3. Жобаларға сараптама жобаларды бекіткенге дейін жүргізіледі. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасына жататын, бірақ оны осы Заңда белгіленген тәртіппен өтпеген жобалар аяқталмаған болып есептеледі және іске асыруға жатпайды.

4. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде өтініш білдірген заңды тұлғаның (тапсырыс берушінің) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Жобаның ұсынылған материалдарының жиынтықтылығы, олардың құрамының нормативтерде белгіленген талаптарға сәйкестігі олар сараптамаға түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тексеріледі.

Жобаның жиынтықты еместігі не оның құрамы бойынша талаптарға сәйкессіздігі анықталған кезде сараптаманың заңды тұлғасына (тапсырыс берушіге) жетіспейтін материалдарды беру қажеттігі туралы хабарланады.

6. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын кәсіби ұйымдар :

1) жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша жобаларды бекітуді ұсынуға, қабылдамауға немесе пысықтауға қайтаруға;

2) тұжырымдарында ескертілген шарттарды (талаптарды) заңды тұлға (тапсырыс беруші) орындамаған жағдайда бұрын берілген оң қорытындыларды қайтарып алуға;

3) сараптаманы сапалы жүргізу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жобаның

занды тұлғасынан (тапсырыс берушіден), мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардан қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

7. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүргізу мерзімі отыз ж ұ м ы с к ү н і н қ ұ р а й д ы .

8. Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды жасалады.

С а р а п т а м а л ы қ қ о р ы т ы н д ы :

1) жобаны бекітуді ұсыну туралы;

2) жобаны пысықтауға қайтару туралы;

3) мұндай қорытындының себептерін көрсете отырып, жобаны қабылдамау туралы т ұ ж ы р ы м д а р д ы қ а м т и д ы .

Қорытындыға диаграммалардың, схемалардың және басқа да құжаттардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін.

Сараптамалық қорытынды энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын кәсіби ұйымның фирмалық бланкісінде беріледі.

9. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бөлігінде бекітілген негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін өзгерістер енгізілетін жобалар жаңадан әзірленетін жобалар үшін белгіленген тәртіппен қайтадан сараптамадан ө т к і з і л у і т и і с .

10. Осы Заңның 22-бабының 3-тармағында белгіленген, сараптама жүргізілгеннен кейін үш жыл өткен соң жылына бір мың бес жүз және одан көп тонна шартты отын көлемінде отын-энергетика ресурстарын тұтынатын жұмыс істеп тұрған объектілер мен кәсіпорындарды салу немесе кеңейту (реконструкциялау, техникамен қайта жабдықтау, жаңғырту, күрделі жөндеу) басталмаған жобалау құжаттамасы, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге қайта сараптама жүргізілгеннен кейін ғана іске асыру үшін п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

11. Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасының оң қорытындысы болмай жобаларды бекітуге, оларды іске асыруды бастауға рұқсаттар (құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат) беруге тыйым салынады.

12. Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасына жататын жобаға т а п с ы р ы с б е р у ш і :

1) жүргізілген энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасының нәтижелеріне дау айту кезінде істі сотқа дейін қарау үшін энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жүгінуге;

2) энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын кәсіби ұйымның әрекетіне шағымдану бойынша сотқа жүгінуге құқығы бар.

24-бап. Үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеру жүргізу

1. Үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды энергетикалық тексеру отын-энергетика ресурстарын пайдаланудың тиімділігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

2. Үй-жайлар және (немесе) құрылғылар, егер олардың отын-энергетика ресурстарын жылдық тұтынуы бір мың бес жүз және одан да көп тонна шартты отынды құраса, міндетті түрде энергетикалық тексеруге жатады.

Энергетикалық тексеру кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

25-бап. Үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеру жүргізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалардың міндетті энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға құқығы бар.

2. Кәсіби ұйымның қызметкері ретінде энергетикалық тексеруді жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын бір ғана кәсіби ұйымға қатысушы болуы мүмкін.

Лицензиядан айырылған энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі ұйымды басқарушы жеке тұлға лицензиядан айыру туралы шешім шыққан күннен бастап үш жыл бойы энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның басшысы бола алмайды.

3. Үй-жайға және (немесе) құрылғыға энергетикалық тексеру жүргізудің мерзімі тексеру жүргізу басталғаннан бері екі айдан аспауы тиіс.

Үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың энергия сыйымдылығы көрсеткіштері өзгерген жағдайда энергетикалық тексеру жүргізу қорытындылары бойынша энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйым үй-жайдың энергетикалық паспортына және (немесе) құрылғының энергетикалық декларациясына мөрмен расталатын және үй-жайды немесе құрылғыны пайдаланушы энергетикалық тексеру аяқталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жіберетін қосымшаны жасау жолымен үй-жайдың энергетикалық паспортына және (немесе) құрылғының энергетикалық декларациясына өзгерістер енгізеді.

Энергетикалық тексеру жүргізудің қорытындылары бойынша энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйым энергетикалық тексерудің нәтижелері туралы екі данада есеп жасайды, оның біреуін үй-жайды немесе құрылғыны пайдаланушы үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеру аяқталған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

4. Энергетикалық тексерудің нәтижелері туралы есепке үй-жайға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеру жүргізген адам энергетикалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясының нөмірі мен берілген күнін, энергетикалық тексеру жүргізуге шарттың деректемелерін көрсетіп қол қояды,

үй-жайға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйымның басшысы бекітеді және мөрмен расталады.

5. Үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеру жүргізудің белгіленген мерзімі бұзылған жағдайда энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган үй-жайларға және (немесе) құрылғыларға энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйымға жолсыздықтарды жою туралы нұсқама жібереді.

6. Энергетикалық тексерудің нәтижелері туралы есепті үй-жайдың энергетикалық паспортына және (немесе) құрылғының энергетикалық декларациясына енгізілетін өзгерістерді ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда, энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды пайдаланушыға жолсыздықтарды жою туралы ұйғарымды жібереді.

26-бап. Энергия үнемдеу саласындағы қызмет түрлерін лицензиялау

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес үй-жайларды және (немесе) құрылғыларды энергетикалық тексеру жөніндегі қызмет, сондай-ақ энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сараптамасы жөніндегі қызмет лицензиялануға жатады.

4. Энергия үнемдеу саласындағы қарым-қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

27-бап. Отын-энергетика ресурстарын тұтынушылардың міндеттері

Отын-энергетика ресурстарын тұтынушылар:

- 1) осы Заңның 11-бабында белгіленген мәліметтерді беруге;
- 2) өнім бірлігіне арналған энергия тұтынудың белгіленген нормативтерін және тұтынылатын активті және реактивті қуаттың арақатынасы бойынша нормативтерді, сондай-ақ қайталама энергетика ресурстарын пайдалану нормативтерін сақтауға міндетті.

28-бап. Энергетикалық тексеруге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Энергетикалық тексеру жүргізген кезде кәсіби ұйымның:

- 1) үй-жайлар мен құрылғыларға қатысты мәліметтерді толық көлемде сұратуға және алуға ;
- 2) тексерілетін үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың заңды тұлғаларының уәкілетті органдарынан энергетикалық тексеру жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктер алуға құқығы бар.

2. Энергетикалық тексеру жүргізген кезде кәсіби ұйым:

- 1) энергетикалық тексеру жүргізу барысында алынатын және жасалатын

құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

2) энергетикалық тексеру нәтижелері туралы есепті энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жіберуге;

3) үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың энергия сыйымдылығы көрсеткіштері өзгерген жағдайда үй-жайдың энергетикалық паспортына және (немесе) құрылғының энергетикалық декларациясына қосымша жіберуге;

4) энергетикалық тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

3. Энергетикалық тексеру жүргізу кезінде тексерілетін үй-жайлардың және (немесе) құрылғылардың заңды тұлғасы:

1) энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйымнан солардың негізінде энергетикалық тексеру жүргізілетін нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар туралы ақпарат алуға;

2) энергетикалық тексеру нәтижелерімен танысуға;

3) энергетикалық тексеру нәтижелеріне дау айту кезінде істі сотқа дейін қарау үшін энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органға жүгінуге;

4) энергетикалық тексеруді жүзеге асыратын кәсіби ұйымның іс-әрекетіне шағымдану бойынша сотқа жүгінуге құқылы.

4. Энергетикалық тексеру жүргізу кезінде тексерілетін үй-жайлар және (немесе) құрылғылардың заңды тұлғасы:

1) энергетикалық тексеруді уақтылы және толық жүргізу үшін жағдай жасауға;

2) энергетикалық тексеру жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруге;

3) тексеру жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктер беруге міндетті.

29-бап. Энергия үнемдеуге өндірістік бақылау жүргізу

1. Өндірістік бақылауды отын-энергетика ресурстарын өндірумен, шығарумен, өңдеумен және тұтынумен айналысатын заңды тұлға жүргізеді. Өндірістік бақылаудың тәртібі осы заңды тұлғаның ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Өндірістік бақылаудың мақсаты:

1) энергия үнемдеу саясатына, энергия үнемдеу сапасының мақсатты көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға әлеуетті әсер ететін өндірістік процестерді реттеу құралдарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;

2) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

3) отын-энергетика ресурстарын тұтынуды және оларды пайдаланған кезде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға жағымсыз әсерін барынша азайту;

4) энергия үнемдеуді басқару жүйесінің өндірістік тиімділігін арттыру;

5) инвестициялау және кредит беру кезіндегі энергетикалық тәуекелдерді есепке алу болып табылады.

3. Энергия үнемдеуге өндірістік бақылауды жүргізу кезінде мыналар тексеруге

ж а т а д ы :

- 1) өндірістік мониторинг процесінде бақыланатын параметрлердің тізбесі;
- 2) өндірістік мониторинг пен өлшемдерді жүзеге асырудың кезеңі, ұзақтығы және жиілігі;
- 3) өндірістік мониторинг жүргізудің пайдаланылатын әдістері туралы мәліметтер;
- 4) сынамаларды іріктеу нүктелері және өлшеулер жүргізу орындары;
- 5) есеп, талдау жүргізу және деректерді хабарлау әдістері мен жиілігі;
- 6) ішкі ден қою шараларын қоса алғанда, ішкі тексерулердің жоспар-кестесі және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою рәсімі;
- 7) аспаптық өлшеулердің сапасын қамтамасыз ету тетіктері.

30-бап. Құрылғыларды жөндеу және жаңғырту

1. Отын-энергетика ресурстарын өндірушілер мен энергия беруші ұйымдар электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру кезінде пайдаланылатын құрылғыларды жөндеу мен жаңғыртуды уақтылы қамтамасыз етуге міндетті.

2. Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру кезінде пайдаланылатын құрылғыларды жөндеу мен жаңғыртуды жүзеге асырудың түпкілікті және аралық мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларда анықталады.

3. Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру кезінде пайдаланылатын құрылғыларды жөндеу мен жаңғырту жөніндегі міндеттердің тиісінше және уақтылы орындалуын бақылауды энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Қорытынды және өтпелі ережелер

31-бап. Энергия үнемдеу саласындағы ғылыми қамтамасыз ету

Энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті орган энергия үнемдеу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың тақырыбын айқындайды және жүргізілуін үйлестіреді.

Энергия үнемдеу саласындағы ғылыми қамтамасыз ету аясындағы бағыттар:

- 1) ғылыми әзірлемелер мен өнертабыстарды іздеу және енгізу;
- 2) энергетика теңгеріміне тарту және жаңартылатын энергия көздері мен қайталама энергетика ресурстарын қолдану саласын кеңейту;
- 3) жаңа энергия үнемдейтін өнім жасау;
- 4) отын-энергетика ресурстарын пайдалану кезінде материалдық-техникалық, еңбек, қаржы және басқа да шығындарды азайту болып табылады.

32-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

33-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

2. "Энергия үнемдеу туралы" 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 343-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК